

А. М. Ниязкулова
Ғылыми жетекшісі: М. М. Утепова
(Қазақ гуманитарлық-заң университеті)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОР БИРЖАСЫНЫҢ ДАМУЫ (KASE)

Қор биржасы — бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары құратын акционерлік қоғам нысанындағы өзін-өзі реттейтін коммерциялық емес ұйым. Қор биржасының қызметі өзін-өзі өтеу қағидатына негізделеді және оның қызметінен түскен кірістер биржаны материалдық-техникалық дамытуға пайдаланылады.

Тақырыптың зерттеу мақсаты — Қазақстан Республикасындағы Қор биржасының қазіргі жағдайын анықтау және шетелдік тәжірибелерімен салыстырмалы талдау жасау арқылы дамыту жолдарына ұсыныстар жасау.

Қор биржасы қаржы құралдарымен операция жасауға арналған үй-жай болып табылатын арнайы жабдықталған сауда аланын береді және қаржы құралдарымен сауда жасауды ұйымдастырады, қаржы құралдарына баға кесуді жүзеге асырады, мүшелеріне ұйымдық, ақ-

параттық, кеңес беру қызметтерін көрсетеді және заңнамада көрсетілген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары мен шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар, вексельдер, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздармен автоматтық және тікелей репо инструменттері, шетел валютасы бар Орталық Азияның ең ірі, әмбебап, ұйымдастырылған қаржы нарығының операторы болып табылады.

Еліміздегі қор биржаның дамуындағы негізгі мәселе — қор биржасында айналым жасайтын бағалы қағаздардың түрлерінің аз болуы, жасалатын мәселелердің жетілдірілмеуі, эмитенттердің белсенділігінің төмен болуы және халықтың араласпауы үлкен кедергі болуда. Көбінесе фьючерс пен опцион айналымға енгізілген және осыған байланысты саудалану кезінде мынандай мәмілелер жасалады: фьючерстік, опциондық. Айналымдағы мемлекеттік бағалы қағаздар ғана айналымға енгізілген. Бағалы қағаздардың ең маңызды түрі корпоративтік бағалы қағаздар өте аз. Себебі, Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар шығаратын акционерлік қоғамдардың саны аз болуы және де оны иемденетін инвестор саны аз болуы, халықтың экономикалық санасының дамымауы.

Шетелдік тәжірибеде бағалы қағаздар фьючерстік, форвордтық, опциондық, своптық және варранттық түрлері кездеседі және олардың операциялары жоғары деңгейде. Дамыған мемлекеттердегі инвестиция қызметінің дамуы осы бағалы қағаздар нарығының дамуымен түсіндіріледі. Ал Қазақстанда мәміленің фьючерстік және опциондық түрлері дамыған.

Қор биржасында осы бағалы қағаздарды дамыту жолдары:

1. Қазақстандағы қор биржасының кемшіліктерін халықаралық стандартқа сай жүйелеу.
2. Форворд, варрант, своп мәмілелерін шетелден үйреніп, Қазақстан қор биржасында дамыту.